



«STEM Олимпиада – Білім берудегі инновациялар» атты мектеп оқушыларына арналған Аймақтық онлайн Олимпиаданы өткізу ережелері

Өткізу күні: 2025 жылғы 18 қазан.

Өткізу уақыты: 14:00 - 16:30.

Өткізу орны: Google платформасы.

Telegram арнасы: <https://t.me/+KAYImz1mAc1YjZi>

TIPIKEJY: <https://forms.gle/XPhMEF4MpfczqLmp7>

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ереже 8-11 сынып оқушыларына арналған Аймақтық Олимпиаданың (бұдан әрі – Олимпиада) мақсаттары мен міндеттерін, сондай-ақ оның Қазақстан Республикасының аумағында Астана қаласынан тыс жерде өткізу тәртібін анықтайды.

Олимпиада 2025 жылғы 18 қазанда онлайн форматта өткізіледі.

- Олимпиада онлайн, бір кезеңде өтеді: Аймақтық онлайн олимпиада, 2025 жылғы 18 қазанда өткізіледі.
- Аймақтық кезеңге Астана қаласынан тыс жерде орналасқан Қазақстан Республикасының білім беру мекемелерінде оқитын қатысушылар қатысады.

Олимпиаданы ұйымдастырушылар: Астана қаласының әкімдігі, «Astana Innovations» АҚ, Республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығының қолдауымен, Астана қаласының Білім басқармасы және «STEM Academia» ЖШС.

МАҚСАТЫ

Олимпиаданың мақсаты – Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы интеллектуалды дарынды оқушылардың зерттеу әлеуетін дамытуға жағдай жасау.

Негізгі міндеттері:

- Оқушылар арасында өзекті пәндерге: дәл, инженерлік және жаратылыстану ғылымдарына қызығушылықты арттыру;
- «Инженерлік робототехника», «Бағдарламалау», «3D модельдеу» салаларында танымдық белсенділікті жандандыру;
- Шығармашылық қабілеттер мен тәжірибелік дағдыларды дамыту;
- Эксперименттік физика саласындағы ғылыми қызметке қызығушылықты ынталандыру.

ОЛИМПИАДА ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

Қатысушыларды тек ментор/мұғалім/жетекші тіркей алады.

Олимпиадаға Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының 8-11 сынып оқушылары, Астана қаласынан басқа, қатысады.

Олимпиадаға қатысу үшін үш қатысушыдан тұратын команда құрып, [сілтеме](#) арқылы толық, дұрыс және шынайы мәліметтермен тіркелу қажет.

«Инженерлік робототехника», «Бағдарламалау» және «3D модельдеу» бойынша тапсырмаларға сілтеме 17 қазан күні сағат 18:00-ден кешіктірмей, бірақ 18 қазаннан бұрын емес, көрсетілген



электрондық поштаға жіберіледі.

Назар аударыңыз, сілтеме тек іс-шара өткен күні ғана белсенді болады. Яғни, сілтеме 2025 жылғы 18 қазан күні сағат 14:00-ден 16:30-ға дейін белсенді болады.

Тіркелу 2025 жылғы 16 қазан күні сағат 18:00-ге дейін ашық.

Олимпиада онлайн форматта өтеді, мұнда командалар келесі пәндер бойынша сайысады:

- Инженерлік робототехника
- Бағдарламалау
- 3D модельдеу

Әр командада 3 қатысушыдан аспауы керек. Яғни, екі немесе үш адамнан тұратын командалар қатысуға рұқсат етіледі.

Команда қатысушылары әртүрлі жаста болуы мүмкін, бірақ бір мектептен болуы шарт.

**STEM олимпиадасының 2024 жылғы финалистері іріктеу рәсімінсіз халықаралық финалға шақырылады.*

1. ӨТКІЗУ МЕРЗІМДЕРІ

Олимпиада онлайн форматта өтеді.

Нәтижелер. Олимпиаданың қорытындысы бойынша ақпарат командалардың жетекшілеріне және мүшелеріне электронды пошта арқылы хабарланады.

2. ОЛИМПИАДА ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

Олимпиаданы өткізу үшін кемінде 5 адамнан тұратын қазылар алқасы құрылады, олардың бірі – Төраға.

Қазылар алқасының құрамына жоғары білікті мұғалімдер, әдіскерлер, университет өкілдері, STEM саласындағы сарапшылар кіруі мүмкін.

3. ОЛИМПИАДАНЫҢ ОНЛАЙН ТУРЫН ӨТКІЗУ

Олимпиада онлайн режимінде өтеді, тест тапсырмалары тіркеу формасында көрсетілген электрондық пошта арқылы жіберіледі!

Олимпиада Қазақстан Республикасының білім стандарттарына сәйкес, Ұйымдастырушы тарапынан әзірленген тапсырмалар бойынша өткізіледі.

Олимпиада өзекті ғылыми пәндер бойынша тест тапсырмаларынан тұрады: «Инженерлік робототехника», «3D модельдеу», «Бағдарламалау». Эксперименттерді орындау барысында оқушылар зерттеу мақсатын өздері анықтап, қажетті жабдықтарды таңдайды, экспериментті жоспарлап, жүзеге асырады, өлшеу нәтижелерін өңдеп, қорытындылар жасайды.

Олимпиаданың барлық тапсырмаларын орындауға Ұйымдастырушы белгілеген уақыт беріледі. Тапсырмаларды орындау уақыты қатысушылар тапсырмаларды алған сәттен бастап нақты уақыт режимінде белгіленеді. Уақыт лимитінен асқан жағдайда нәтижелер қабылданбайды.

4. ОЛИМПИАДА НӘТИЖЕЛЕРІН ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

Ұйымдастырушы Олимпиада қатысушыларының рейтингі негізінде қорытынды шығарады.

Ең жоғары балл жинаған қатысушылар халықаралық кезеңге өтеді.

5. ОЛИМПИАДА ФОРМАТЫ, ТАПСЫРМАЛАР ЖӘНЕ ЕРЕЖЕЛЕР



Олимпиада онлайн режимде өтеді, қатысушылар тапсырмаларды орындауға дайын болу үшін компьютер/ноутбукты қосып, тапсырмаларды шешу және поштаға жіберу үшін қажетті бағдарламаларды алдын ала орнатып қоюы қажет.

Команда атауы тіркелген атаумен бірдей болуы тиіс.

Бағдарламалау, 3D модельдеу және робототехника пәндері бойынша тапсырмалар Google Forms платформасында онлайн режимде өтеді. Қатысушыларға техникалық мәселелерді болдырмау үшін платформаға алдын ала танысып, www.gmail.com сайтында командалық электронды пошта ашуға кеңес беріледі.

Қатысушы командалар ноутбуктарын дайындап, қажетті бағдарламаларды алдын ала орнатуы керек (әр командаға тапсырмаларды орындау үшін бір ноутбук).

Команда қатысушылары бірге жиналып, тапсырмаларды бірлесіп орындауы ұсынылады. Әр команда мүшесі тапсырмаларды жеке орындауы мүмкін, бірақ формада команданың барлық мүшелері көрсетілуі тиіс.

Команда капитаны командадан бір ғана жауап жіберуі керек.

Егер бір командадан бірнеше жауаптар жіберілсе (әртүрлі аккаунттардан, бір команданың қатысушыларынан), тек соңғы жауап қарастырылады.

Бағдарламалау, 3D модельдеу және робототехника бойынша тапсырмалар тесттер мен жылдам жауаптардан тұрады, олар Google формасында өтеді.

Қатысушылар Telegram арнасына жазылуы керек, өйткені тапсырмалар сол арнада жарияланады: <https://t.me/+KAYImz1mAc1YjZi>

Аймақтық онлайн кезеңдегі жарыстар Астана уақыты бойынша сағат 14:00-де басталады. Google формадағы сұрақтарға жауаптарды сағат 16:30-дан кешіктірмей жіберу керек.

Қатысушылар өз жұмыстарымен бірге сәйкес материалдарды (Python тіліндегі кодтың мәтін файлдары, 3D модельдер, SketchUp, Blender файлдары, суреттер және т.б.) қоса тапсыруы қажет.

Жұмыстарды бағалау кезінде тапсырмаларды шешу және орындау уақыты ескеріледі. Егер бір команданың бірнеше жауаптары жіберілсе, тек соңғы жіберілген жауап қарастырылады.

Олимпиада судьялары мен қазылар алқасы қатысушылардың академиялық адалдығын бұзатын әрекеттерді байқаса, команданы дисквалификациялауға құқылы.

Командалар ноутбуктарын дайындауы керек, өйткені барлық қатысушыларға тапсырмалар бірдей болады. Басқаша айтқанда, тапсырма бірдей және оны Python тілінде шешуге болады.

6. ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- Google Forms-ты кез келген браузер арқылы іске қоса алатын жеке компьютер/ноутбук болуы керек.
- Бағдарламалау тапсырмаларын орындау үшін компьютер/ноутбук қажет.
- Google Forms қызметіне негізделген тестті тапсыру үшін жеке Google аккаунты болуы керек.
- Google Forms сайтына қолжетімділік болуы қажет.
- Қатысушының өзі оқитын мектептің менторы/мұғалімі/жетекшісі болуы керек.
- Қазақстан Республикасының Астана қаласынан басқа мектептердің оқушысы болу қажет.
- 2025–2026 оқу жылында 8–11 сынып оқушысы болуы тиіс.
- Бір мектепте оқитын 2 немесе 3 оқушыдан тұратын команда құрамында болуы қажет.
- Робототехника, 3D модельдеу, бағдарламалау және инженерия салаларындағы негізгі концептілерді білу және түсіну керек.
- Робототехника, 3D модельдеу, бағдарламалау және инженерия салаларындағы дағдыларды меңгеріп, қолдана білу қажет.



- Робототехника, 3D модельдеу, бағдарламалау және инженерия салаларындағы тапсырмаларды уақытқа орындау қабілеті болуы керек.
- Олимпиада кезінде академиялық адалдық қағидаларын сақтау қажет.

7. ҚАТЫСУҒА ТІРКЕЛУ

- Олимпиаданың онлайн турына қатысу үшін мына сілтеме арқылы тіркелу қажет: <https://forms.gle/XPhMEF4MpfczqLmp7>
- Команда атауы 1 сөзден тұруы керек, бос орынсыз.
- Тіркелу 2025 жылғы 16 қазан күні сағат 18:00-ге дейін ашық.

8. СЫЙЛЫҚТАР

Бұл кезең Аймақтық болып табылады, яғни тек Қазақстан Республикасының Астана қаласынан басқа мектеп оқушылары қатысады. Ең жоғары балл жинаған 20 команда 2024 жылғы 21-23 қарашада өтетін Халықаралық кезеңге өтеді.

ТОП 20 командаға 2024 жылғы Халықаралық Финалға қатысуға шақыру және 2025 жылғы 1 қарашадан кешіктірмей «Үй тапсырмасы» жобасын дайындау бойынша нұсқаулық беріледі.

9. БАҒДАРЛАМА

«STEM олимпиада»		
14:00	16:30	Бағдарламалау, робототехника және 3D модельдеу бойынша онлайн тапсырмаларды орындау тест түрінде өтеді!
		Нәтижелер команда жетекшісінің электронды поштасына және қатысушыларға жіберіледі.

Кез келген сұрақтар бойынша келесі электронды поштаға хабарласа аласыз:

support@stem-academia.com
sm-trener1@stem-academia.com